

Мазмұны

Тәрбие ұштағанының идеологемалары.....	2
Тәрбие парадигмасын жаңарту.....	4
Кіріспе.....	6
Әр айдың іс-шаралары.....	9
БЛОК I	
Білім беру мазмұны мен сынып сағаттары арқылы құндылықтарды енгізу.....	10
Білім беру мазмұны арқылы құндылықтарды дарыту процесі.....	12
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ.....	14
БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ.....	16
ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	18
ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП.....	20
ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК.....	22
ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ.....	24
БЛОК II	
Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықты енгізу.....	26
ЖОБАЛАР.....	27
Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесі.....	28
«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ.....	30
«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ.....	35
«SMART BALA» ЖОБАСЫ.....	40
«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ.....	43
«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ.....	51
«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ.....	54
АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ.....	58
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.....	65
БЛОК III	
Іске асыру жоспары.....	72
Ақпараттық қолдау.....	74
Брендiлеу.....	75

Тәрбие үштағанының идеологемалары

Ұлттық бірегейлік

Қоғамға қызмет

Экологиялық мәдениет



«Қағидамыз – әділдік, тірегіміз –
жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

Қ.Тоқаев




**Құқықтық мәдениет
және медиа
сауаттылық**

Буллингсіз әлем

**Тәрбие парадигмасын
жаңарту**

Тәрбие парадигмасын жаңарту

(Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзіне сәйкес)



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі 17 маусым 2023 жыл



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 15 наурыз 2024 жыл

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың¹ «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі 15 наурыз 2024 жыл



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ



БІРЛІК ЖӘНЕ
ЫНТЫМАҚ



ӘДІЛДІК ЖӘНЕ
ЖАУАПКЕРШІЛІК



ЗАҢ ЖӘНЕ
ТӘРТІП



ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ
КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ
ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады.



Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

Всего 77

Классные часы 34/33

Общешкольные мероприятия 43

Қыркүйек ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ	Қазан ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ
Қараша ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ	Желтоқсан БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ
Қаңтар ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ	Ақпан ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ
Наурыз ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ	Сәуір ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ
Мамыр БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ	Маусым ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ
Шілде ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ	Тамыз ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Әр айдың іс-шаралары

күнделікті

- **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын

- **«Менің Қазақстаным»** – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

БЛОК I

**Білім беру мазмұны
мен сынып сағаттары
арқылы құндылықтарды
енгізу**

Бұл бөлімде тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін негізгі құндылықтар мен құзыреттердің жүйесі ұсынылады.

Аталған бөлімде тәрбие мен оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан бастап техникалық және кәсіптік білім беру деңгейлерінде түлектердің білім, білік және дағдыларының сипаты ұсынылады. Ұсынылған құндылықтар жүйесін педагогтер сынып сағаттарын мақсатты түрде жоспарлауда және күнделікті сабақ мазмұнына кіріктіруде қолдана алады. Бұл білім алушылардың бойына құндылықтарды дарытуда және олардың табысты әлеуметтенуіне, зияткерлік және тұлғалық дамуына, сондай-ақ Қазақстанның болашақ азаматтарының кәсіби қалыптасуына ықпал ете алады.


Құндылықтардың білім, білік және дағды түрінде ұсынылған жүйесі білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда және сынып сағаттарын жоспарлауда қолдану қажет. Әр сынып сағатының соңында 10 минут көлемінде білім алушының жеке қауіпсіздігіне уақыт бөлу ұсынылады.


БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ ПРОЦЕСІ

МЖМББС күтілетін
нәтижелер

Үлгілік оқу
бағдарламаларындағы
оқу мақсаттары

Оқулық





Оқу әрекетін
ұйымдастыру

Сыныптан тыс

Сынып сағаттары

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ



Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Отан, ел, туған өлке туралы білу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
- Мемлекеттік тілді білу
- Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
- Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Бастауыш мектеп түлегі

- Отан, ел, туған өлке туралы білу және пайымдау
- Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу
- Мемлекеттік тілді білу
- Өз елінің тарихы, мәдениеті туралы алғашқы түсінікті қалыптастыру
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ажырата білу
- Отбасы Отанның бір бөлігі екенін түсіну

Негізгі орта мектеп түлегі

- Халықтың өткеніне, бүгініне және болашағына қатыстылығын түсіну
- Отанға адалдықтың маңызын бағалау, елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, мемлекеттік мерекелердің мәнін түсіну

- Азаматтық және ұлттық бірегейлікті білу және түсіну
- Мемлекеттік тілді меңгеру
- Отбасының дәстүрлері мен құндылықтарын білу
- Оқуға, өз халқының рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде ана тіліне деген қызығушылық таныту
- Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын бағалау

Жалпы орта мектеп түлегі

- Өзінің халқына деген сүйіспеншілігін білдіру және ұлттық мәдениетті құрметтеу
- Мемлекеттің дамуындағы ел бірлігінің маңызын бағалау және мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті сезіну
- Ұлттық және мәдени бірегейлікті сезіну
- Халық пен мемлекеттің тарихи жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту және мәдени мұрасын, дәстүрлерін әрі қарай ілгерілету
- Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге үлес қосу
- Отандық және әлемдік мәдениетті тану құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық таныту
- Өз Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің Егемендігі мен қадір-қасиетін тарихи аргументтерге сүйеніп қорғай білу

ЖжТБ түлегі

- Жағдаяттарды сыни талдау, таңдау жасау, шешім қабылдау және өз шешімінің жауапкершілігін түсіну
- Өз елінің тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен жетістіктері білімін тарихи фактілерге сүйеніп ұдайы кеңейтуге ұмтылу
- Халықпен/ мемлекетпен бірлікті және мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті сезіну
- Елдегі және әлемдегі оқиғаларды объективті бағалау үшін ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білу
- Ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін мемлекеттік тілді еркін меңгеру
- Еңбек нарығындағы жоғары кәсіби дағдылар мен бәсекеге қабілеттілік таныту
- Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін, оның ішінде халықаралық аренада қорғауға дайын болу

БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ



Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Бастауыш мектеп түлегі

- Мінез-құлық нормаларын білу және оларды сақтаудың маңызын түсіну
- Командада жұмыс істей білу
- Басқалармен бірлескен жұмыстың нәтижесін қорғай білу
- Өзгені тыңдау, түсіну және диалог жүргізе алу
- Өзгелерге мейірімділік, жанашырлық таныта білу
- Айналасындағыларға көмек көрсету

Негізгі орта мектеп түлегі

- Қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну
 - Сенімді қарым-қатынас орнату және ұжымда жағымды ахуалды сақтай білу
 - Тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу
 - Бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу
 - Басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу
-

Жалпы орта мектеп түлегі

- Басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде өз мінез-құлқыңызды сыни тұрғыдан бағалау және түзету
 - Өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіре алу
 - Ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істей білу
 - Басқа адамдардың даралығын ескере білу және өзгенің идеялары мен пікірлерін дұрыс қабылдау
 - Қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, қақтығыстық жағдаяттарды шешуде сындарлы шешуге ұмтылу
-

ЖжТБ түлегі

- Қоғамның әл-ауқатына қамқорлық пен жауапкершілікті көрсете алу
- Басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау, өзара көмек пен қолдау негізінде мақсаттарға жете алу
- *Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну, бөлісу және сезіну
- Басқа адамдардың қажеттіліктеріне жауап беру және қолдау көрсету дағдыларының болуы
- Мәдени айырмашылықтарды түсіну
- Қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін қақтығыстарды шешуге қатысты келіссөздер жүргізе алу
- Өзін-өзі дамыту және білім алу дағдыларының болуы.

ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК



Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Жауапты болу.
- Уәделерді орындай білу.
- Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

Бастауыш мектеп түлегі

- Адамның қоғамдағы құқықтары мен жауапкершілігі туралы алғашқы көзқарастың болуы
- Басқалар үшін маңызды тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсіну.
- Бастаған ісін соңына дейін жеткізе білу.
- Өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін олардың моральдық нормаларға сәйкестігі тұрғысынан талдай білу

Негізгі орта мектеп түлегі

- Іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының болуы
- Моральдық нормаларға сәйкес өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін талдай білу.
- Оқу тапсырмасын орындауда табандылық, еңбекқорлықтың болуы
- Тапсырылған жалпы іс үшін сынып ұжымы алдындағы жауапкершілікті сезіну.
- Басқаларға көмектесуге және әділдік, мейірімділік пен жауапкершілік танытуға дайын болу

Жалпы орта мектеп түлегі

- Өзінің де, басқа адамдардың да әрекеттерін талдай білу.
 - Әділдік, мейірімділік және жауапкершілік таныту арқылы басқаларға көмектесуге дайын болу.
 - Кез-келген қызмет түріне немесе іс-әрекетке жауапкершілікпен қарау
 - Ақпаратты бағалау және талдау негізінде салмақты шешімдер қабылдау.
-

КжТБ түлегі

- Іс-әрекетке қатысушылардың барлығының құқықтары мен міндеттерінің теңдігін ескере отырып, өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін бағалай білу.
- Жалпы нәтижедегі әрбір тапсырманың маңыздылығын түсіне отырып, өз міндеттемелерін сапалы және мерзімінде орындай білу.
- Командада жұмыс істей білу, басқалардың пікірлері мен ұстанымдарын құрметтеу және ортақ мақсаттарға жетуге ұмтылу.
- Қателерді қабылдауға және түзетуге дайын болу, егер олар жасалса өзінің жұмысының нәтижелері үшін жауап беру
- Мемлекеттің сақталуы мен өркендеуі үшін жауапкершілікті сезіну

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
- Үлкендерге құрмет көрсету
- Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

Бастауыш мектеп түлегі

- Азаматтық- құқықтық білім туралы түсінігінің болуы
- Моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін білу
- Мектепте, қоғамда этикалық және құқықтық нормалар мен ережелерді сақтаудың маңыздылығын білу.

Негізгі орта мектеп түлегі

- Құқықтық жүйе мен адам құқықтарының негіздерін білу.
- Тәртіп пен әділеттілік нормалар мен ережелерін сақтау қажеттілігін түсіну.
- Қоғамның қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету ретінде заң мен тәртіптің маңыздылығын түсіну

Жалпы орта мектеп түлегі

- Заң мен құқықтық актілерді дұрыс түсіндіре алуы және түсіне білу.
 - Құқықтық білімді нақты өмірде, нақты практикалық жағдайларды шешуде өз бетінше қолдана білу.
 - Қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ете алу.
 - Жағдаяттарды заңдылық пен этика тұрғысынан бағалау және негізделген шешімдерді қабылдау
-

КжТБ түлегі

- Күнделікті өмірде заң туралы білімді қолдана білу.
- Қоғамдық қауіпсіздікті жақсарту және құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын қолдау жөніндегі бастамаларға қатысуға дайын болу
- Жалпы әл-ауқат пен қауіпсіздікке ықпал ету үшін жұмыс орнында тазалық пен тәртіпті сақтай білу.
- Төтенше жағдайларда ұйымдасқан және сабырлы әрекет ете алу

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК



Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
- Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
- Өзіне-өзі қызмет көрсету

Бастауыш мектеп түлегі

- Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну
- Еңбекке, еңбек адамдарына деген құрмет көрсету
- Біреудің еңбегінің нәтижелеріне ұқыпты қарау
- Түрлі мамандықтарға қызығушылық таныту
- Өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдылану
- Жасына байланысты қол жетімді еңбек, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне қатысуға дайын болу

Негізгі орта мектеп түлегі

- Еңбекті, өзінің және басқалардың еңбек нәтижелерін бағалау
- Еңбекті, мамандықтарды практикалық тұрғыда зерттеуге қызығушылық таныту
- Кәсіби өзін-өзі жетілдіру үшін еңбек қызметінің дағдылары жинақтау, еңбексүйгіштік, еңбекке баулу, табысты еңбектің маңыздылығын түсіну
- Уақытты тиімді жоспарлай білу және кез-келген іс-әрекеттің нәтижелеріне қол жеткізу және жақсарту үшін күш салу

- Еңбек қоғамның және жеке әл-ауқаттың негізі екенін түсіну.
- Қоғамдық еңбекке дайындық.
- Жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарларының жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу


Жалпы орта мектеп түлегі

- Мемлекеттің, қоғамның дамуы үшін еңбекті, өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалай білу.
- Қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну.
- Жасына байланысты қол жетімді әлеуметтік-еңбек рөлдерінде әлеуметтік маңызы бар еңбекке жасампаз, шығармашылық қабілетінің болуы.
- Отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызы бар еңбек қызметіне қатысуға дайын болу
- Еңбек қызметінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі даярлау.
- Жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен кәсіби қызметті саналы түрде таңдауға дайын болу

КжТБ түлегі

- Өз мамандығы бойынша терең білім мен дағдылардың болуы
- Кәсіби және жеке қабілеттерін кеңейте отырып, үнемі білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу.
- Жаңа әдістер мен технологияларды тез игере отырып, жұмыс жағдайларының өзгеруіне және нарықтың жаңа талаптарына бейімделу
- Максималды тиімділік пен сапаға ұмтыла отырып, өз жұмысының қорытындылары үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу.
- Өз іс-әрекеттерінде адалдық пен ашықтықты қамтамасыз ете отырып, шеберлікпен жоғары этикалық стандарттарды ұстану.
- Басқаларды тыңдау, үйлестіру және қолдау арқылы әріптестермен ынтымақтастық дағдыларын орнату
- Күрделі жағдайларды талдай білу, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және негізделген шешімдерді қабылдау

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ



Мектепке дейінгі ұйым түлегі

- Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орны туралы қарапайым түсініктің болуы.
- Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту
- Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
- Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну
- Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
- Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу.

Бастауыш мектеп түлегі

- Табиғи және әлеуметтік объектілер, тірі және жансыз табиғаттың байланысы, ғылым және ғылыми білім туралы алғашқы түсініктің болуы
- Білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені бақылаудың, жүйелеудің және түсінудің қарапайым дағдыларының болуы.
- Түрлі объектілердің жеке белгілерін салыстыра білу, заттарды жалпы белгілер бойынша талдау, біріктіру.
- Қарапайым өлшеулер жүргізу, практикалық есептерді шешуге арналған құралдармен жұмыс жасай алу.
- Зерттеуге, экспериментке бағытталған жобалық тапсырмаларды орындау

Негізгі орта мектеп түлегі

- Бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу қабілеті; модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөліп көрсету, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау.
- Оқу міндеттерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаны қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуде қолдану.
- Әр түрлі таным құралдарын қолдану, әлем туралы білімді жинақтай алу (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі

- Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі, ғылым мен техниканың жетістіктері туралы білу.
- Ғылымның қоғам өміріндегі маңыздылығын дәлелдеу.
- Себеп-салдарлық және құрылымдық-функционалдық талдау элементтерін қолдана білу, неғұрлым күрделі нақты байланыстар мен олардың тәуелділіктерін зерттеу.
- Сыни тұрғыдан ойлау, сенімді ғылыми ақпаратты анықтау және ғылымға қарсы түсініктерді сыни көзқарастың болуы
- Фактілерді байқау, жинақтау және жүйелеу, білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені түсіну, зерттеу дағдыларының болуы

ҚжТБ түлегі

- Қолданыстағы жүйелер мен процестерді дамытуға және жақсартуға ықпал ететін жаңа идеялар мен тәсілдерді құра білу.
- Заманауи технологияларды меңгеру және оларды кәсіби мәселелерді шешу үшін тиімді пайдалану
- Инновациялық стратегиялар мен жұмыс әдістерін қолдана отырып, ауқымды жобаларды іске асыру
- Кәсіби ортада және жалпы әлемде тез өзгеретін жағдайларға икемді бейімделе алу
- Басқаларды инновациялар мен прогреске жетелейтін көшбасшылық қасиеттерін көрсете білу
- Өзгерістерді болжауға және оларды тиімді қолдануға бейімдеуге мүмкіндік беретін әлемдік трендтер мен инновациялар туралы білу

Ескерту: Әр сынып сағатының соңында білім алушылардың жеке қауіпсіздігі мәселелерін талқылау үшін 10 минут бөлу міндеттеледі

БЛОК II

**Әлеуметтік жобалар
мен іс-шаралар арқылы
құндылықты енгізу**

ЖОБАЛАР

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары

«Қамқор»

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Еңбегі адал - жас өрен»

Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

«SMART BALA»

Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Шабыт»

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Ұшқыр ой алаңы»

Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Балалар кітапханасы»

Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

* Білім беру ұйымдары білім алушылардың жасына және қажеттіліктеріне, өңірлік ерекшеліктеріне, сондай-ақ білім беру ұйымының бейіні мен түріне қарай жобаларды дербес таңдай алады

** Барлық жобалардың өткізілуі [#Біртұмас_тәрбие](#) хэштегі арқылы әлеуметтік желілерде және БАҚ жарияланады

Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесі

Жобалар	Іс-шаралар	Қыркүйек Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы	Қазан Тәуелсіздік және Отаншылдық айы
ҚАМҚОР	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет		+
	«Жер сағаты» экологиялық акциясы		
	«Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі		
	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы		
ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН	«Күзгі асар» жәрмеңкесі		+
	Мамандықтар әлемі		
	Мектептің әлеуметтік желілерінде жариялау		
	«Мамандықтар марафоны» байқауы		
ШАБЫТ	«Даналық ұстаздан» челленджі		+
	«Ұлттық мәдениет» көрмесі		
	«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі		
	«Мектеп театры»		
	«Ананың аялы алақаны» челленджі		
	«Әншуақ» фестивалі		
ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ	Дебат		+
	Зияткерлік ойындар		
SMART BALA	«Startup» байқауы		
	«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы		
БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы		
	«Кітаптар айналымы» акциясы		
	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі		
АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	+	
	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі	+	
	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы		
	«Балаларды қорғау күні» акциясы		
	«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сынып		
АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныбы		
	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы		
	Буллингтен қорған!		
	Ойынға салауатты көзқарас		
	Өмірге салауатты қадам		
	Қоғамдық мүлікті қорға!		
	Қауіпсіз қоғам		
Қауіпсіздік сабағы			
БАРЛЫҒЫ	43	2	4

Қараша Әділдік және Жауапкершілік айы	Желтоқсан Бірлік және Ынтымақ айы	Қаңтар Заң және Тәртіп айы	Ақпан Жасампаздық пен Жаңашылдық айы	Наурыз Тәуелсіздік және Отаншылдық айы	Сәуір Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік айы	Мамыр Бірлік және Ынтымақ айы	Маусым Жасампаздық пен Жаңашылдық айы	Шілде / Тамыз Заң және Тәртіп айы	Жыл бойы
				+					
					+				+
									+
									+
		+							
				+					
+				+		+			
				+		+			
							+		
+	+	+	+		+				
+		+	+						
	+						+		
			+						+
						+			
							+		
					+				
									+
									+
									+
									+
									+
								+	+
3	2	3	3	4	3	3	4	1	11

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Мақсаты: әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет
- «Жер сағаты» экологиялық акция
- «Түлектердің ағаш егуі» эчеллендж
- «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акция



«Қоғамға қызмет ету» волонтерлік қызмет

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Қазан – Халықаралық ацияға қатысу

Жауаптылар:

- Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, қосымша білім беру педагогтері

Көмек көрсетуді ұйымдастыру:

- аға буынға;
- жануарларға;
- қайта өңделген материалдар мен табиғат элементтерін байланыстырып құстарға ұя немесе жем шашар әзірлеу.

Ұсынылады:

- ата-аналар қауымдастығын тарту;
- Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әрекет ету



«Жер сағаты» экологиялық акциясы

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Наурыз – Бүкіл әлемдік акцияға қатысу

Жауаптылар:

- Жаратылыстану бағытындағы апталық / 10 күндік шеңберінде пән мұғалімдері

Энергия тұтынуды үнемдеуге және ресурстарға ұқыпты қарауға бағытталған бастама. Акцияның негізгі элементі – жарық пен басқа электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру.

Ұсынылады:

- жыл бойы табиғи ресурстарға ұқыпты қарау қажеттілігі туралы сыныптан 1 постер шығара отырып іс шаралар өткізу.



«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Сәуір

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілері/
куратор
мектептің/колледждің
өзін-өзі басқару
ұйымдары

Республика бойынша мектеп түлектері арасында экочеллендж ұйымдастыру (9 және 11 сыныптар): мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызу.

Ұсынылады:

- отырғызылған ағаштарды үнемі қадағалау (қурап қалған ағаштарды ауыстыру, желден байлау, қыста жабу және т.б.)



«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы

«ҚАМҚОР» ЖОБАСЫ

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілері/
куратор
мектептің/колледждің
өзін-өзі басқару
ұйымдары

Мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды тазалау акциясы (саябақтар, скверлер)

Ұсынылады:

- саябақтарды, скверлерді, ескерткіштерді және басқа да қоғамдық орындарын мектептерге бекіту;
- жыл бойы айлар бойынша тазалауға арналған сыныптарды бекіту.

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Мақсаты: білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Күзгі асар» жәрмеңкесі
- Мамандықтар әлемі
- Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым
- «Мамандық марафоны» конкурсы



«Күзгі асар» жәрмеңкесі

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Қазан

Жауаптылар:

- Тәрбиешілер/ сынып жетекшілері

Білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғатының көркем сыйларын пайдалана отырып, ата-аналармен бірге жасаған қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізу



Мамандықтар әлемі

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Жыл бойы


Жауаптылар:

- Пән мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары

Білім алушыларды мамандықтармен таныстыру үшін әртүрлі өндіріс орындарына немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеу.

Ұсынылады :

- Жергілікті атқарушы органмен және басқада мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әрекет ету.



Мектептің әлеуметтік желісіндегі жарияланым

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»
ЖОБАСЫ

Білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат дайындауы және мектептің әлеуметтік желілерде жариялауы.

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілер/
кәсіптік бағдарлаушы



«Мамандық марафоны» конкурсы

«ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Қаңтар

Жауаптылар:

- Көркем еңбек,
Информатика пәндерінің
педагогтері

Әр түрлі саладағы ең жақсы маманды анықтауға арналған конкурс (WorldSkills халықаралық конкурсына дайындық). Қатысушылар өзінің шеберлігін көрсетеді (мысалы, бұйым жасау барлық жағдайда ағаш)

Ұсынылады:

- конкурс сарапшыларына әртүрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тарту

«SMART BALA» ЖОБАСЫ

Мақсаты: инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

- «Startup» конкурсы
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы



«Startup» конкурсы

«SMART BALA» ЖОБАСЫ

Қараша
Ақпан

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілер,
Мектептің/колледждің
өзін-өзі басқару
ұйымдары

Мектеп, аудан, қала, ауыл аумағын өзгерту бойынша форсайт сессиясы (оқушылардың қоршаған кеңістікті жақсарту жөніндегі идеялары), инновациялық идеялардың тұсаукесерлері.



«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» конкурсы

«SMART BALA» ЖОБАСЫ

Қаңтар

Жауаптылар:

- Информатика пәнінің мұғалімдері, Жаһандық құзыреттілік курсының мұғалімдері

Мектептің мүмкіндігіне қарай жасанды интеллектті пайдалана отырып командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізу Ұсынылады:

-конкурсқа дайындық барысында инновациялық орындарға/ көрмеге бару / онлайн қарау (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және т. б.)

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Челлендж «Даналық ұстаздан»
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі
- Мектеп театры
- «Ананың аялы алақаны» челлендж
- «Әншуақ» фестивалі
- «Домбыра күні» концерт және көрме



Челлендж «Даналық ұстаздан»

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне/ сүйікті тәрбиешісіне арналған бейне хабарлама / ән / сурет және басқа да алғыс білдіру түрінде челлендж өткізіледі

Қазан

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілер, Мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары



«Ұлттық мәдениет» көрмесі

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Қазан
Наурыз

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілер,
Мектептің/колледждің
өзін-өзі басқару
ұйымдары

Ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және т.б. жасалған жұмыстар) пайдалана отырып, білім алушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі.

Ұсынылады:

- педагогтерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет білім беру ұйымына ұлттық киіммен келуге және / немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды пайдалануға.



«Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Мамыр

Саптық әндер конкурстарына, әскери-патриоттық фестивальдерге, спорттық-далалық ойындарға қатысу.

Ұсынылады:

- қазақстандық авторлардың әндерін қолдану;
- Ұлттық әскери форманы кию.

Жауаптылар:

- АӘТД мұғалімі, музыка мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымы



Мектеп театры

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Қараша
Наурыз

Жауаптылар:

- Тілдік пәндердің мұғалімдері, музыка мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымы

Театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру
Ұсынылады:

1. Сыныптар арасында театрландырылған қойылымдардан байқаулар немесе фестиваль өткізу
 - зерттелген әдеби шығармалар бойынша;
 - тарихи оқиғалар мен атаулы күндерге;
 - заңдар мен құқықтарды зерттеу бойынша;
 - жаман әдеттердің алдын алу бойынша (лудомания, нашақорлық, кибергигиена және т.б.);
 - өмірлік жағдайларға байланысты.
2. Ата-аналарды тарта отырып (қойылымға қатысу, декорацияларды дайындау және т.б.)



«Ананың аялы алақаны» челлендж

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Аналар күніне (мамырдың екінші жексенбісі) бейнероликтер / мерекелік ашық хаттар / бейне құттықтаулар әзірлеп білім алушылар аналары мен әжелеріне алғыс білдіру

Наурыз

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілері мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымдары



«Әншуақ» фестивалі

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Мамыр

Жауаптылар:

- Қосымша білім беру педагогтері

Білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту, #Әншуақ хэштегімен «ТikTok» әлеуметтік желісінде балалардың әндерді жанды орындауының бейнежазбаларын жариялау

ДОМБЫРА КҮНІ



«Домбыра күні» концерт және көрме

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ

Домбыра оркестрлерінің орындауындағы концерттерге бару, мектепте домбыра оркестрінің концертін ұйымдастыру, ұлттық аспаптар түрлерінің көрмесін өткізу.

Маусым

Жауаптылар:

- Музыка мұғалімдері, қосымша білім беру мұғалімдері

«ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

- Дебат
- Зияткерлік ойындар



Дебат

ПРОЕКТ « ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»

Қазан
Желтоқсан
Ақпан
Сәуір

Жауаптылар:

■ Үйірме жетекшілері

Тақырыптар бойынша мектеп/колледж пікірталастарын ұйымдастыру:

- барлық белгілі құндылықтар бойынша;
- тарихи оқиғалар мен атаулы күндерге орайластырылған пікірталастар;
- заңды сақтау, құрметтеу және міндеттерді орындау бойынша;
- жаман әдеттердің алдын алу бойынша (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, қорқыту және т.б.);
- өмірлік жағдайларға байланысты.

Ұсынылады:

- ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту.
- сыныптар бойынша іріктеу турнирлерін өткізу.



Зияткерлік ойындар

ПРОЕКТ « ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ»

Қараша
Қаңтар

Жауаптылар:

Әдістемелік бірлестіктер

Тақырыптар бойынша зияткерлік ойындарды ұйымдастыру:

- барлық мектеп пәндері бойынша;
- белгілі тұлғалар бойынша;
- күнтізбелік күндер бойынша;
- әлемдік және спорттық іс-шаралар бойынша және т.б.

Ұсынылады:

- ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т. б. тарту.
- сыныптар бойынша іріктеу турнирлерін өткізу.

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ

Мақсаты: кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

- Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы
- «Кітаптар айналымы» акциясы
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж



Әдеби кеш / кітаптар көрмесі / кітап кейіпкерлерінің конкурсы

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»
ЖОБАСЫ

Балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылау.

Желтоқсан
Маусым

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілер
Жазғы мектеп
шеңберіндегі педагогтер



«Кітаптар айналымы» акциясы

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ

Мектеп буккроссингі аясында білім беру ұйымдарының кітапханаларында кітап сәресі құрылады, онда білім алушылар өздеріне қажетті кітапты таңдай алады

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Кітапханашы мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымы



«Шын жүректен кітап сыйла!» челлендж

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ

«Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыру, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын әзірлеу және т. б.


Ақпан

Жауаптылар:

- Кітапханашы мектептің/колледждің өзін-өзі басқару ұйымы

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

- Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру
- «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі
- «Отбасылық дәстүрлер» (Отбасы күніне арналған апталық)
- «Балаларды қорғау күні» акциясы
- «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сыныптары
- «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныптары



Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

Қыркүйек

Жауаптылар:

- Сынып жетекшілері,
педагог-психолог

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысының бір бөлігі ретінде ата-аналарға баласының уақытты басқару және оны тиімді ұйымдастыра білу, оқу және бос уақытты бірлесіп жоспарлау тәсілдері туралы кеңес беру



«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі

**АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ**

Қыркүйек

Жауаптылар:

Сынып жетекшілері

Отбасы күніне арналған түрлі шығармашылық тапсырмаларды қамтитын, отбасылық құндылықтарды дамытуға және отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған челлендж өткізу (отбасылық портрет салу, отбасы туралы өлең жазу, спорттық іс-шаралар, бірге тамақ дайындау және т. б.)



«Отбасылық дәстүрлер» (Отбасы күніне арналған апталық)

АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ

Мамыр

Отбасы күніне арналған апталық аясында сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылады: эссе жазу, суреттер / фотосуреттер көрмелері, «Шежіре» зерттеу, отбасылық фильмдер көру, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді талқылайды

Жауаптылар:

Сынып жетекшілері



«Балаларды қорғау күні» акциясы


**АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ**

Маусым

Жауаптылар:

- Жазғы мектеп жұмысы аясындағы педагогтер

Балаларды қорғау күніне арналған онкүндікте тақырыптық іс-шаралар мен жобалар, шеберлік сыныптары мен спектакльдер, шығармашылық шеберханалар мен спорттық іс-шаралар өткізіледі



«Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» шеберлік сыныптары

**АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ**

Маусым

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары / әдіскерлер білім беру ұйымдарының ата-аналар комитеті мен әкелер кеңесі өкілдерінің қатысуымен шеберлік сыныптар өткізуді ұйымдастырады

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері



«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сыныптары

АТА-АНАЛАРДЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ

Аға буын өкілдерінің қатысуымен отбасылық тәрбиенің прогрессивті дәстүрлерін жандандыруға ықпал етуге арналған шеберлік сыныптар өткізу

Сәуір

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас
- Өмірге салауатты қадам
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам



«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» жобасы

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Ақпараттық қауіпсіздік, киберкультура, кибергигиена, медиа тұтыну жөніндегі мамандармен сынып сағаттарын, пікірталастарды, кездесулерді өткізу

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері



Буллингтен қорған!

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, педагог-психолог

Қарым-қатынас дағдылары, эмоцияларды басқару және қақтығыстарды шешу бойынша тренингтер өткізу. Өмірлік жағдайларға байланысты жағдаяттарды талдау, шешу жолдарын ұсыну



Ойынға салауатты көзқарас

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, Әлеуметтік педагог

Лудомания туралы бейне фильмдерді көру, топтық талқылауларды ұйымдастыру, салауатты әдеттерді дамыту, уақыт пен эмоцияларды басқару, балама қызығушылықтар мен хоббиді дамыту бойынша мектепішілік шеберлік сабақтарын өткізу



Өмірге салауатты қадам

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, Әлеуметтік педагог, Медицина қызметкері

Жасөспірімдер арасында синтетикалық есірткінің таралуының алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары (Интернет-ресурстар арқылы). Олардың зияны мен денсаулыққа кері әсері туралы деректі фильмдерді көру.

Топтарда есірткіге қарсы плакаттарды, бейнероликтерді және т. б. жобалау бойынша іс-шаралар өткізу



Қоғамдық мүлікті қорға!

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

Мәдени ескерткіштерді қирату, бүлдірудің зияны туралы мектепішілік әңгіме өткізу. Топтық талқылауларды ұйымдастыру. Вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар жасау. Мектеп аумағын немесе қоғамдық орындарды көркейту бойынша акциялар өткізу



Қауіпсіз қоғам

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жыл бойы

Жауаптылар:

- Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі құралдарын таратуға және т.б. байланысты негізгі нормаларын түсіндіру үшін ішкі істер органдарының, прокуратураның өкілдерімен кездесулер өткізу; нәтижесінде адам бас бостандығынан айырылған заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар туралы бейнероликтерді көрсету.

БЛОК III

Іске асыру жоспары

1-кезең

Дайындық кезеңі [мамыр-маусым, 2024]

- Тәрбие бағдарламасының мазмұны мен іске асырылуы бойынша контент дайындау
- Әдістемелік ұсынымдар әзірлеу

2-кезең

Стейкхолдерлерді оқыту [тамыз, 2024]

- Білім басқармасымен бірлесіп республика деңгейінде: 100 тренерді іріктеу және оқыту (5-9 тамыз)
- Өңірлер деңгейінде: 8000 директор мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын оқыту (12-16 тамыз аралығында)
- Білім беру ұйымдары деңгейінде: барлық сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерін оқыту (19 тамыздан 26 тамызға дейін)

3-кезең

Білім беру ұйымдарына енгізу [қыркүйек, 2024]

- 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеу және бекіту

4-кезең


Мониторинг [2025 жылғы қаңтар-мамыр]

- Бағдарламаның тиімділігін бақылау және бағалау
- Бағдарлама бойынша талдамалық есеп

Ақпараттық қолдау

- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің және білім беру ұйымдарының ресми сайты
- #Біртұтас_тәрбие хэштегі бойынша маңызды, қызықты, тәрбиелік мәні зор әлеуметтік жобалар мен іс-шараларды (Facebook, Instagram, VK) әлеуметтік желілерге үнемі жариялау

- Жергілікті және аймақтық БАҚ (радио, теледидар)
- Білім беру ұйымдарындағы ақпараттық стендтер



Брендiлеу

- Бiртұтас визуалды стиль (логотип, түстер палитрасы, тану және сәйкестендiру үшiн шрифттер)
- Өзара әрекеттесу үшiн QR кодтары мен инфографикалар

- Мерчандайзинг – ою-өрнектер мен символдарды ұлттық брендке айналдыру (қалам, сөмке, киiмдер және т.б)





ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ



БІРЛІК ЖӘНЕ
ЫНТЫМАҚ



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



ЖАСАМПАЗДЫҚ
ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ



ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ
КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК



ӘДІЛДІК ЖӘНЕ
ЖАУАПҚЕРШІЛІК